

0.

Бекітемін: _____

Мектеп директорының тәрбие
жұмысы жөніндегі орынбасары: Шошахова К.

«__» _____ 2018 жыл

***Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227
бұйрығымен бекітілген Тәрбие Тұжырымдамасын іске асырудағы Алмалы орта
мектебінің 6^с сыныбындағы тәрбие жұмысының 2018 - 2019 оқу жылында
атқарылатын іс-шаралар жоспары***

Махамбет ауданы Алмалы орта мектебінде 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген Тәрбие Тұжырымдамасын іске асырудағы іс-шаралар жоспары

КІРІСПЕ

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру аясында қазақстандық қоғамдағы заманауи әлеуметтік-мәдени трансформация ескеріле отырып әзірленді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адам өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизм, еңбексүйгіштік, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы аясында отбасылық тәрбие құндылықтары, сондай-ақ оқу және тәрбие процестерінің өзара кірігуі негізінде білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиенің кіріктірілуіне, тәрбие әдіснамасын, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағдарланған.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінде тәрбиенің даму перспективасын, басым бағыттарын, тәрбие мақсаттарын, міндеттерін, бағалау өлшемдерін және механизмдерін анықтайды.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жаһандану дәуірінде қазіргі адамда қоршаған әлемге технократтық және тұтынушылық көзқарас үстем болатын заманауи қоғам дамуының ерекшеліктерін ескереді.

Осыған байланысты адамзатты ұлттың тұрақты дамуының, рухани әлеуетінің артуына кепіл болатын прогрестің рухани-адамгершілік құндылықтарына, ана тілі мен ұлттық менталитеттің маңыздылығын нығайтуға қайта бағдарлау қажет.

Ұлттың ерекшеліктерін, психологиясын, менталитетін ескермеу, ұлттық-мәдени құндылықтар бастауынан алыстау немесе оларды космополитизм мен жалған мәдениет түрлерімен алмастыру – адамның моральдық азуына, қоршаған әлемге агрессиясының артуына, рухани-адамгершілік әлеуетінің құлдырауына әкеліп соқтырады.

Жалпыәлемдік тәрбие жүйесін зерттеу және талдау елімізде біртұтас кешенді тәрбие жүйесін, оның мақсаты мен мазмұнын ұлттық мақсаттар, мәдени құндылықтар мен дәстүрлер, діл ерекшеліктерін ескере отырып, әлемдік озық тәжірибе, заманауи прогрессивті ағымдар, инновациялар үйлесімінде құрудың маңыздылығын көрсетіп отыр.

Туған жерін, халқын сүю және құрметтеу, отбасылық құндылықтарды қастерлеу, үлкенді сыйлау, кең пейілділік, бауырмалдық, ашықтық, қонақжайлылық, толеранттық – қазақ халқының діл ерекшелігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауында атап көрсетілгендей, егеменді даму жылдарында барша қазақстандықтарды біріктіретін және ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды. Жолдауда бұл құндылықтар атап көрсетілген: Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы; қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім; зайырлы қоғам және жоғары руханият; индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім; Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы; тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы; еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Президент сонымен қатар, жалпықазақстандық мәдениетті дамытуға жаңаша серпін беретін белсенді, білімді және дені сау азамат қалыптастыру міндетін қойды.

Патриот, білімді, дені сау, жауапты және жігерлі, инновациялық экономика жағдайында табысты қызмет ететін, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген, қазақ халқының жалпыадамзаттық құндылықтар мен мәдениетті бойына сіңірген, толерантты, дүниежүзіне танымал және мәртебелі – 2020 жылғы қазақстандық жастар осындай болады.

Қазақстан Тәуелсіздікке қол жеткізген аз уақыт ішінде әлемдік қоғамдастыққа толық құқылы және беделді мүше болды, әлемдік экономикалық және мәдени кеңістікке белсенді түрде кіріге бастады. Қазақстандық жастар жаһандану процесіне кірігуі аясында қарқынды білім беру, өзара ақпараттық және мәдени алмасудың белсенді қатысушысы болды. Қазіргі қазақстандық балаларда, жастар ортасында сапалы білім алу уәжінің өсуі, жаңа кәсіптерді және ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеруге ұмтылысы, коммуникативтілік, мәдениетаралық қарым-қатынастың артуы, әлеуметтік белсенділігін жандандыру сияқты жаңа позитивті трендтер пайда болды. Өз елінің тарихына, мәдениетіне және дәстүрлеріне, халқының мәдени

мұрасына қызығушылықтарының артуы негізінде ұлттық өзіндік сананың өсуі байқалады. Жаңа қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілікке бағдарланған дүниетаным қалыптасу процесі жүріп жатыр.

Елдегі оң өзгерістер білім беру ұйымдарының тәрбие процесінде көрініс тапты. Тәрбие практикасында жалпықазақстандық менталитет, мәдени, ұлттық-тарихи дәстүрлер ескерілген ұлттың зияткерлік, рухани және шығармашылық әлеуетін жаңғырту үшін жағдайлар жасалуда.

Қазақстанның білім беру жүйесінде оң метапәндік және тәрбиелік әлеуеті бар «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы (Бағдарлама идеясының авторы – С.А. Назарбаева) іске асырылуда. Бағдарлама білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының барлық салаларын қамтиды және тиісінше іске асырылған жағдайда қоғамда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды жаңғырту механизмдерінің мықты катализаторы рөлін атқарады. Халықтық педагогиканың көпжылдық тәжірибесіне негізделген, заманауи тәрбие теорияларының шабыттандыратын идеялары қолданылған «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасына (бұдан әрі - АРБ) әлемдік білім беру кеңістігінде аналог жоқ. Ол балалар мен оқушы жастардың адамгершілік-рухани тәрбиесінде білім берудің барлық деңгейлерінің үздіксіздігін және сабақтастығын қамтамасыз етеді. Жалпыадамзаттық мәңгілік құндылықтарға бағдарланған «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасы ізгі ниетті, адамгершілік қасиеттері бар лайықты азамат тәрбиелеуге ықпал етеді, және Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін іске асыруда басты механизм болып табылады.

Мұғалімдердің кәсіби қызметінде жастардың функционалдық сауаттылығы, көпмәдениетті тәрбие, үштілді білім беру, ақпараттық технологияларды пайдалану процесі артып отырғаны байқалады. Республикадағы балалар мен оқушы жастарға қосымша білім беру жүйесі, үкіметтік емес және басқа да қоғамдық ұйымдар үлкен мүмкіндіктерге ие болып отыр. Сонымен бірге, балалар мен жастардың бойында ұлттық тәрбие қажеттілігін сезіну мен азаматтық ұстаным, патриоттық сезім, ұлттық намысты қалыптастыру деңгейі арасында қарама-қайшылық байқалады.

Жастардың бір бөлігінде әлеуметтік-позитивті бастамашылық мүлдем жойылып, оның орнын мақсатсыз уақыт өткізу алмастырып отыр. Өмірлік жетістікке, жоғары әлеуметтік мәртебеге қол жеткізу табанды және нәтижелі еңбек етумен, қойылған мақсатқа дәйекті түрде жету білігімен байланыстырылмайды. Тәрбие жұмысында жастардың бос уақытын ұйымдастыру көңіл көтеру сипатындағы бір реттік шоу-шараларға ұқсас.

Тәрбие жүйесінде жаһандану процесіндегі шиеленіспен байланысты бірқатар проблемалар байқалады:

- балалар мен оқушы жастардың бұқаралық мәдениет құндылықтарына, сапасы төмен бұқаралық ақпарат құралдары ақпаратына және интернет-сайттарға бағдарлануы;

- қатыгездікті насихаттау, балалар мен жасөспірімдердің темекі шегуге, алкоголь және есірткі қолдануға әуестенуі, оқушылар арасындағы жезөкшелік;

- еңбек тәрбиесі рөлінің төмендеуі;

- отбасылық құндылықтар мен отбасылық тәрбие дәстүрлері рөлінің төмендеуі;

- әлеуметтік жетімдік, балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицид, нашақорлық, діни секталарға қатысу және т.б.

ЮНИСЕФ және ДДҰ 2012 және 2013 жылдардағы деректері бойынша Қазақстан суицид себебінен болған өлім-жітім көрсеткіші жағынан жасөспірімдер арасында екінші орында, ал қыздар арасында бірінші орында. Қазақстан 10-14 жасар жасөспірімдер мен қыздар арасындағы өлім коэффициентінің деңгейі бойынша бірінші орында тұр.

Балаларға қосымша білім беру жағдайы жақсартуды қажет етеді. Көптеген қызмет түрлері ақылы болғандықтан балалардың барлығына бірдей қолжетімді емес.

Мұндай жағдайдың бірден бір себебі тәрбиені әлеуметтік құбылыс және мақсатты процесс ретінде жете бағаламаушылық болып табылады. Тек тәрбие жастардың тұлға ретінде қалыптасуына негіз болатын рухани-адамгершілік құндылықтар мен қасиеттерді қалайды.

Сонымен, қазіргі жағдайда тәрбиенің үйреншікті үлгілері тиімсіз болып қалды және жалпыадамзаттық әрі ұлттық құндылықтарға тәрбиеленген Қазақстан азаматын қалыптастырудың жаңа жағдайлары мен талаптарына жауап беретін Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін дайындаудың объективті алғышарттары қалыптасты.

1 ТӘРБИЕНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІНІҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ, НЫСАНЫ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Мақсаты: Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау.

Міндеттері:

- білім беру ұйымдары, отбасы және басқа әлеуметтік институттардың күшін біріктіру;
- қоғамның тәрбиенің басым рөлін түсінуіне көмектесу;
- білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тәрбиенің үздіксіздігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету.

Нысаны: білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінің біртұтас педагогикалық процесі.

Іске асыру механизмдері: Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде негіз болады.

2 НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің нормативтік негізін Қазақстан Республикасының келесі стратегиялық құжаттары құрайды:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. 2011. 02. 02. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІҮ Кодексі (2014. 17.11. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы (2015.13.01. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Заңы (2014.29.12. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);
- «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-ІV Заңы;
- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»;
- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»;
- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол»;
- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 жарлығымен бекітілген (2014. 12.08. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);
- Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 жарлығымен бекітілген;
- Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген;
- «Барлық білім беру ұйымдарында оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысы;
- «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 Қаулысымен мақұлданған;
- Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 Бұйрығымен бекітілген;

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 Бұйрығы.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын, Бала құқықтары туралы конвенцияны, Адамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының халықаралық декларациясын, Үздіксіз білім беру бойынша ЮНЕСКО ұсынымдарын ескереді.

3 ТӘРБИЕНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

4 ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері келесі әдіснамалық негіздерге сүйенеді:

Құндылықты (аксиологиялық) көзқарас – адамзаттың түсінігімен және рухани-адамгершілік мазмұнымен анықталатын адамның әлемге, өзге адамдарға, өз-өзіне және т.б. қатынасы, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың диалектикалық бірлігіне сүйену.

Антропологиялық көзқарас – тәрбие тақырыбы ретінде адам туралы білімнің барлық деректерін және олардың есебін біртұтас педагогикалық процесті құруда және іске асыруда жүйелі қолдану.

Тұлғалық-бағдарлы көзқарас – өзара байланысты түсініктер, іс-әрекет идеялары мен тәсілдер жүйесіне сүйену, тұлғаның өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі жүзеге асыру процесін қолдау, оның дербестігін дамыту.

Қызметтік көзқарас – педагог өз тәрбиеленушілерін мақсат қою және іс-әрекетін жоспарлау, оны ұйымдастыру және реттеу, бақылау, өзіндік талдау және іс-әрекет нәтижелерін бағалауға үйретуі үшін қажет баланың іс-әрекетін қалыптастыру, таным, еңбек және қарым-қатынас субъектісі позициясына ауыстыру бойынша арнайы жұмысты талап етеді.

Құзыреттілік көзқарас – тәрбие мақсаттарын анықтаудың, тәрбие процесін ұйымдастыру мен оның нәтижелерін бағалаудың, оқушыларда құзыреттіліктерді қалыптастыру мен олардың табысты әлеуметтенуін қамтамасыз ететін ортақ ұстанымдар жиынтығын ескеру.

Әлеуметтік көзқарас – тұлғаның мақсаты мен міндеттеріне әлеуметтік шынайылықтың ықпалын ескеру, осы ықпалдың адам және қоғамға тигізер педагогикалық салдарлары.

Жүйелілікті көзқарас – нысанды оны құрайтын бөліктердің жиынтығына қосылмайтын және иерархиялық құрылымы бар күрделі құрылыс ретінде қарастыруды көздейді. Жүйелі қарастыру құрылымдық компоненттерді, олардың қызметін бөліп көрсетуді, қызметтік-иерархиялық байланыстар орнатуды, жүйекұраушы факторларды анықтауды, сыртқы байланыстар талдауын қажет етеді.

Тұтастық көзқарас – білім алушы тұлғасының зияткерлік және рухани-адамгершілік дамуының бірлігін анықтайтын педагогикалық процестің мәнін көрсетеді.

Синергетикалық көзқарас тәрбиені тура себеп-салдарлы байланыстарға негізделмеген, белгілі бір деңгейде өздігімен ұйымдастырылатын процесс ретінде емес, керісінше бір мағыналы емес, заңды және кездейсоқ, болжанған және стихиялы, ретті және ретсіз сияқты көптеген ішкі және сыртқы ықпалдармен келісілген процесс ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Тұжырымдамалық негіздер тәрбие процесініңкелесі **принциптерін** іске асыруды жорамалдайды:

Гуманистік бағыт принципі – педагогтің тәрбиеленушіге өз дамуына жауапты және дербес субъект ретінде бірізді қарым-қатынасы, оның тәрбие процесінде тұлғамен және ұжыммен ізгілікті қарым-қатынас негізінде өзара әрекет стратегиясы.

Жалпыадамзаттық құндылықтар принципі тәрбие рухани-адамгершілік дәстүрлер мен ұлттық және әлемдік мәдениет нормаларына негізделуі кажет деп санайды.

Мәденисәйкестілік принципі– тәрбие мәдениеттің жалпыадамзаттық құндылықтарына негізделуі және жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық мәдениеттер нормаларына сәйкес құрылуы тиіс.

Үздіксіздік принципі– тұлғаны тіршілік әрекетінің барлық кезеңінде жан-жақты дамыту, оның күші мен қабілетін, кәсіби және жалпымәдени өсуін барынша толық жүзеге асыруда шығармашылық әлеуеті мен мүмкіндіктерін байыту.

Табиғи сәйкестілік принципі – табиғат дамуының ортақ заңдарының басымдығы; табиғи және әлеуметтік процестердің өзара байланысы; тәрбие жұмысында білім алушылардың жынысы мен жас ерекшеліктерін ескеру.

Тұтастық принципі оқу және оқудан тыс қызметтердің кіріктірілуімен қамтамасыз етіледі: оқу қызметі когнитивті құрамдасты қалыптастырады; сабақтан тыс қызметте эмоционалды-құндылықты мінез-құлықтық компонент дамиды.

Этникалық принцип– тәрбиені ұлттық сана қалыптастыруға бағытталған ұлттық мазмұнмен толтыру, барлық азаматтар үшін ана тілінде білім алуына және қарым-қатынас жасауына, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, рәсімдерді зерттеуіне жағдай жасау.

Алмалы орта мектебінде 2018 – 2019 оқу жылында атқарылатын тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары

Ай	Апта	Тәрбие бағыттары	Іс-шара тақырыбы	Мақсаты	Әдісі	Жұмыс түрлері							Күтілетін нәтиже\ аяқталу нысаны	Жауапты тұлғалар
						Мектеп психологімен жұмыс	Медбикемен байланыс	Кітапханамен жұмыс	Пән мұғалімдерімен жұмыс	Ата-анамен жұмыс	Қоғамдық ұйымдармен, мектептен тыс мекемелермен («Жасұлан», «Жас қыран» ұйымдарымен) жұмыс	Жеке оқушымен жүргізілетін жұмыс		
Қыркүйек		Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	Алғашқы қоңырау. «Менің –өз Отанымның патриотымын» Білім сабағы, оқушыларды түгендеу, есеп алу, зерделеу жұмыстары	Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты қалыптастыру .	Салтанатты жиын	+	+	+	+	+	+	+		Адилгалиева Р. Джумагулова Э. Сынып жетекшілер
		Рухани- адамгершілік тәрбие	«Мектепке жол» акциясының орындалуын бақылау. Оқушылардың қатысын алу, алыстан қатынайтын оқушылардың қатысын зерделеу, селолық әкімшілікке өтініш хаттар жіберу.	Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен сусындату.	Зерделеу, ұйымдастыру жұмыстары	+	+		+	+	+	+		Шошахова К. Мектеп психологтары
		Ұлттық тәрбие	Мектепшілік «Туған жер - тұғырың, туған тіл - қыдырың» атты Тіл апталығын ұйымдастырушылармен пікірлесу, өткізу.	Тұлғаны ұлттық жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау.	Тіл мерекесінің шаралары	+		+	+	+	+	+		Базарбаева К. Хасенова С. Бактыгереева С.
		Отбасы тәрбиесі	Тұрмысы төмен отбасылардан шыққан білім алушыларды, ерекше күту жағдайын талап ететін девиантты мінез-құлықты балаларды түрлі шараларға тарту мақсатында мониторинг жасау.	Ата-аналардың бала тәрбиесінде психологиялық- педагогикалық құзыреттіліктерін, арттыру.	Зерделеу жұмыстары	+	+			+	+	+		Мектеп психологі Сынып жетекшілер
		Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Мектеп дәлізіндегі материалдық- техникалық жағдайлардың қауіпсіздігінің сақталуы	Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым- қатынасын қалыптастыру.	Қауіпсіздік шаралары, түсінік жұмыс/ы	+			+	+		+		Мұхамбетов Е. Қарабатыров С.
		Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбие	«Ел рәміздері – елдігімнің айғағы» туған ел, отан тақырыбы аясындағы өлең-жыр байқауы	Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін белсендету.	Байқау	+			+			+		Салиханова О. Ташенова Г.

		Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	Рухани ізгілік күні. Жас сынып жетекшілермен пікіралмасулар (бейресми), тәжірибе бөлісу сағаттары	Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.	Тәжірибе бөлісу	+	+	+	+			+		Садыкова Р. Жүнісова С.
		Дене тәрбиесі және саламатты өмір салтын қалыптастыру	«Таза ауадағы адал еңбек» Тазалық айлығы шаралары	Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын қалыптастыру.	Еңбек тәжірибесі	+	+	+	+	+		+		Мустағалиев Б. Сынып жетекшілер
		«Мәңгілік Ел» Патриоттық актісі	Ардагер ұстаздардың үйлеріне мерекелік құттықтаулармен бару	Көшбасшылық қасиеттері бар азамат және патриот қалыптастыру	Белсенді топ жұмысы									Джумагулова Э. «Жасұлан» ББЖҰ Бактыгереева С.
Қазан		Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Тәртіпке бас иген құл болмайды» (мектеп ережесінің сақталуы туралы сынып сағат/ы)	Тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру;	Сынып сағаттары	+		+	+			+		Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		Рухани- адамгершілік тәрбие	«Ұстаз аты биік әрі мәңгілік» мерекелік шаралар, кездесу кештері, өнеге сағаттары	Адами нормаларымен келісілген рухани-адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыру.	Мерекелік апталық шаралары									Адилғалиева Р. Шошахова К. Сынып жетекшілерге міндетті
		Ұлттық тәрбие	«Қарттарым аман – сау жүргей!» Мейірімділік акциясы аясында қарттар күніне арналған камқорлық шаралары	Қазақстан Республика\дағы этностар мен этника\қ топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.	Қарттар күні шарасы	+		+			+	+		Телеубаева Айман
		Отбасы тәрбиесі	«Мен және менің өмірімнің мағынасы!» Отбасылық фото-суреттер көрмесі	Ата-аналардың бала тәрбиесінде психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін, арттыру.	5-11- сыныптар аралығында көрме ұйымдастыру	+		+		+		+		Джумагулова Э. «Жасұлан» ББЖҰ Сатенова Алмагүл Абденова Гүлнар
		Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Біз заңды құрметтейтін өркениетті тұлға болуды көздейміз» өнеге сағаттары	Балалардың экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.	8,9,10- сыныптарда міндетті	+		+				+		Тажиева Алтын құқықтық жетекші Сынып жетекшілер
		Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Суреттер сөйлейді...» Шығармашылықпен айналысатын дарынды оқушылардың жәрменкесі	Көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын шыңдау.	Оқушы еңбегінің жәрменкесін ұйымдастыру	+		+		+		+		Сатенова Алмагүл бейнелеу пәні мұғалімі Мұхамбетов Ергазы
		Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Рухани жаңғырған жасампаз ел» Зияткерлер сағаты немесе интеллектуальды ойындар	Тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.	9,10,11- сыныптар арасындағы сайыс	+		+				+		Серік Айдана Заиева Баян Информатика пәні мұғалімдері
		Дене тәрбиесі және саламатты өмір салтын қалыптастыру	«XXI ғасыр жүйріктері» «Денсаулық-2018» фестивалі аясындағы шаралар	Денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.	Спорттық сайыс	+	+	+	+	+		+		Қарабатыров Серікбай Телеубаева Гүлжан Мардашева Толқын Мустағалиев Б.
		«Мәңгілік Ел» Патриоттық актісі	Ыстық тамақтың берілу жайы мен тамақтану қызметінің сапасына бақылау жасап отыру.	Көшбасшылық қасиеттері бар азамат және патриот қалыптастыру	Зерделеу жұмысы	+	+		+	+		+		Адилғалиева Райхан Барлық сынып жетекші міндетті
Қараша		Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Мен және менің құқығым » сурет көрмесі	Балалар мен жастардың құқықтық санасын қалыптастыру.	3,4,5,6-сыныптар бойынша сурет байқауы	+						+		Қоңырбаева Райхан Ахметова Айгүл Кенжетаева Ажар Сатенова Алмагүл
		Рухани- адамгершілік тәрбие	«Адамдықтың белгісі – адалдықтан басталады» Ойталқы сағаты	Тұлғаның моральдық қасиеттерін қалыптастыру.	Ойталқы алаңы	+		+				+		Мизамбаева Толқын Ташенова Гүлнұр
		Ұлттық тәрбие	«Сыйластыққа себеп көп...» Жалпыадами құндылықтар туралы бірер сөз немесе рухани жаңару күні	Қазақстан Республика\дағы этностар мен этника\қ топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.	Дебат алаңы	+		+		+	+	+		Абугалиева Самал Сағызбаева Рахия 6-сыныптар
		Отбасы тәрбиесі	«Жақсы мінез жарасқан жаны жайсаң анаға, бала жайлы сезінер, ана	Ата-аналардың бала тәрбиесінде психологиялық-	8,9,10- сыныптардың	+	+	+		+	+	+		Кенжетаева Алтынгүл Закиева Баян

Желтоқсан			алақанында...» отбасылық кеш	педагогикалық құзыреттіліктерін, арттыру.	қатысуымен бағдарлама									Сынып жетекшілер
		Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Этноауыл нақыштары» Еңбек пәні мұғалімдерінің шаралары	Балалардың экономикалық ойлауын дамыту.	Көрмені жаңғырту	+		+	+	+	+	+		Кенжетасева Ажар Мұхамбетов Ергазы
		Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Қазақ ертегілерінен үзінділер...» Күзгі балл кештері шаралары	Ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру	5-7, 8-11-сыныптар бойынша міндетті	+	+	+	+	+	+	+		Адилғалиева Р. Шошахова К. Барлық сынып жетекші міндетті
		Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.	Сауаттандыру сағаты									Қарабатыров Серікбай Құқ пәні
		Дене тәрбиесі және саламатты өмір салтын қалыптастыру	«Менің жеңістерім – елімнің мәртебесі» спорттық шаралар	Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын қалыптастыру.	8,9,10,11-сыныптар	+			+	+		+		Қарабатыров Серікбай Телеубаева Гүлжан Мардашева Толқын Мустағалиев Бауыр
		«Мәңгілік Ел» Патриоттық актісі	«Тәуелсіздік – еліміздің нұрлы таңы» мерекелік апталықтың басталуы	Мәдениетаралық, этносаралық қатынастарды күшейту, көшбасшылық қасиеттері бар азамат және патриот қалыптастыру	Апталықтың ашылуы, жоспарға сәйкес шаралары									Адилғалиева Р. Шошахова К. Барлық сынып жетекші міндетті
		Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Ар-намыс кодексі талаптарының сақталуын қадағалау, аталған заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігін қарау	Балалар мен жастар ортасындағы қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.	Зерделеу жұмыстары, сауалнама алу, сенім жәшігі т.б.	+		+		+		+		Мектеп әкімшілігі Кәсіподақ кеңесі
		Рухани-адамгершілік тәрбие	Атырау қаласында орналасқан тарихи-өлкетану мұражайына саяхат ұйымдастыру.	Тұлғаның моральдық қасиеттерін қалыптастыру.	4,5-сыныптар бойынша	+		+				+		Қызылқанатова А. Хасенова С.
		Ұлттық тәрбие	«Ел рәміздері – елдігімнің айғағы» туған ел, отан тақырыбы аясындағы өлең-жыр байқауы	Ана тілін және мемлекеттік тілді сүйеге, құрметтеуге тәрбиелеу.	Өлең-жыр байқауы	+		+		+		+		Базарбаева К. Хасенова С. Бақтыгереева С.
		Отбасы тәрбиесі	«Өзінді өзің танысаң істің басы» Отбасы құндылықтары мен жеке тұлға қалыптасуының бірлігі	Ата-аналардың бала тәрбиесінде психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін, арттыру.	Ата-аналар жиналысы, ашық есік күндері	+		+				+		Салиханова О. Ташенова Г. Өзін өзі тану пәні
		Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Балам және қоғам», «Менің балалық шағымның көріністері»	Балалардың экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту.	Сынып сағаттары	+	+	+	+	+	+	+		Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Балалық шағымның аспаны» Н.Ә.Назарбаев туралы фильмнен үзінді көрсету.	Ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру	Ұйымдастыру жұмысы	+	+		+	+		+		Адилғалиева Р. Шошахова К. Барлық сынып жетекші міндетті
		Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Желінің жетегіндегі жасөспірім: кім кінәлі?» Ғалаторды тиімді пайдалана білудің негізгі қағидаларын ұғындыру	Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру	Түсіндіру сағаттары немесе ойталқы сағаты	+						+		Серік Айдана 5-сыныптардың жетекшілері міндетті
		Дене тәрбиесі және саламатты өмір салтын қалыптастыру	«Есірткіге қарсы күрес» мақсатында дәрігерлермен кездесу ұйымдастыру.	Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын қалыптастыру.	Кездесу кеші 8,9,10,11-сыныптар үшін	+		+				+		Омарова Ахмарал Мектеп психологі Сынып жетекшілер
		«Мәңгілік Ел» Патриоттық актісі	«Елім деп соққан жүрегі» ҚР Тұңғыш Президентінің күнін мерекелеу туралы (Елбасы туралы	Мәдениетаралық, этносаралық қатынастарды күшейту, көшбасшылық	Ұйымдастыру жұмысы	+		+		+	+	+		Адилғалиева Р. Шошахова К. Барлық сынып

			бір үзік сыр)	қасиеттері бар азамат және патриот қалыптастыру											жетекші міндетті
Қаңтар		Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Сыбайлас жемқорлық - қоғамның өзекті мәселесі» Ұжым жиналысындағы түсінік жұмысы	Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты қалыптастыру .	Насихат жүргізу жұмысы	+		+	+	+	+	+			Адилғалиева Р. Шошахова К. Барлық сынып жетекші міндетті
		Рухани- адамгершілік тәрбие	«Дінім, ділім–өмірімнің тұтқасы» «Терроризм туралы жалған ақпар беру-заңсыздық»	Тұлғаны қазақ ұлттық құндылықтармен сусындату.	Сынып сағаттары	+	+	+	+	+	+	+			Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		Ұлттық тәрбие	«Ер бала - болашақ әке» тренингісі	Тұлғаны ұлттық жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау.	Тренингтер шеруі										Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		Отбасы тәрбиесі	«Отбасылық құндылықтар- ұлттық тәрбиеден бастау алуы тиіс» баяндама	Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі құзыреттіліктерін арттыру.	Ата-аналар жиналыстары	+			+	+		+			Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Махамбет атындағы қазақ драма театрына қойылымға оқушылар қатыстыру.	Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру.	Ұйымдастыру жұмыстары										Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Бір - ел, бір –сынып, бір - кітап» шығармашылық сипаттағы тәрбиелік шаралар шеруі	Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін белсендету.	Шаралар шеруі	+		+			+	+			Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Өнерімді еліме арнаймын мен....» көркемөнерпаздар байқауы	Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру	Көркемөнерпазр байқауы	+		+		+		+			Қайрошева Э.(саз пәні) Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		Дене тәрбиесі және саламатты өмір салтын қалыптастыру	«Ал, қане, жігіттер!» спорттық – патриоттық сайыс	Салауатты өмір салты, дене дамуы дағдыларын қалыптастыру.	Жігіттер арасындағы сайыс	+		+				+			Қарабатыров Серікбай Мустағалиев Б.
		«Мәңгілік Ел» Патриоттық актісі	«Өлке тарихы – біздің мұрамыз» Тарихи кеш немесе мұражай жұмысын жандандыру шаралары	Мәдениетаралық, этносаралық қатынастарды күшейту, көшбасшылық қасиеттері бар азамат және патриот қалыптастыру	Тарих-құқық апталығындағы тарихи кеш н/е мұражай жұмысы	+		+		+		+			Тажиева Алтын Сахибеденова Рая
Ақпан		Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	Оқушылардың сырт – келбеті, шаш қоюы мен мектеп формасын кию талаптарының орындалысына бақылау жүргізу	Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты қалыптастыру .	Зерделеу жұмыстары	+	+	+	+	+	+	+			Адилғалиева Р. Шошахова К. Омарова а. Джумагулова Э.
		Рухани- адамгершілік тәрбие	«Баламның болашақтағы мамандығының баспалдағы отбасында қаланады»	Тұлғаның қазақстандық құндылықтарымен сусындату.	Өнеге сағаты 10,11-сыныптар	+	+		+	+		+			Сатенова Алмагүл Абденова Гүлнар Телеубаева Айман
		Ұлттық тәрбие	«Қыз бала –халықтың шырайы, ұлтының ұяты» Бір күндік семинар жұмысы	Тұлғаны ұлттық жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау.	8,9,10,11-сыныптар	+						+			Адилғалиева Р. Мектеп психологі Сахиев Айболат
		Отбасы тәрбиесі	«Отбасындағы бірлік құндылығы – отбасы өмірінің берік кепілі»	Ата-аналардың бала тәрбиесінде психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін, арттыру.	Сауалнама жүргізу	+		+				+			Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Менің мамандығым-менің мақтанышым» (акция ұйымдастыру)	Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру.	Мамандықтарды жарнамалау байқауы	+		+		+	+	+			Кенжетәева Ажар Мұхамбетов Ергазы
		Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Ер бала - болашақ отбасының басшысы» Бір күндік семинар	Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін белсендету.	Ер балалар арасындағы шараа	+	+	+		+	+	+			Адилғалиева Р. Шошахова К.

		Көпмәдениетті және көркем-эстетікалық тәрбие	«Өз таңдауыңды жаса!» Жоба қорғау	Тұлғаның мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру	Бейнерепортаж байқауы	+		+	+	+	+	+		Джумагулова Э «Жасұлан»ББЖУ
		Дене тәрбиесі және саламатты өмір салтын қалыптастыру	«Руынды сақтаймын десең, ұлыңды тәрбиеле» Ұлдар арасындағы ұлттық ойындардан сайыс	Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын қалыптастыру.	Ұлттық ойындар сайысы	+	+	+	+	+	+	+		Қарабатыров Серікбай Телеубаева Гүлжан Мардашева Толқын Мустағалиев Бауыр
		«Мәңгілік Ел» Патриоттық актісі	Қазақстан «Саламатты ұрпағымын» «Толағай» отбасылық сайыстары	Мәдениетаралық, этносаралық қатынастарды күшейту, көшбасшылық қасиеттері бар патриот қалыптастыру	Бастауыш сынып арасында спорттық сайыстар									Ахметова Айгүл Қоңырбаева Райхан Бастауыш сынып жетекшілері
Наурыз		Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Есірткіге қарсы күрес» мақсатында дәрігерлермен кездесу ұйымдастыру.	Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты қалыптастыру .	Кездесу кешін ұйымдастыру	+			+	+		+		Омарова Ахмарал Телеубаева Айман Қарабатыров Серікбай
		Рухани- адамгершілік тәрбие	«Исламдағы ата – анаға құрмет немесе ата-ана алдындағы перзенттік парызды қалай түсінеміз?» Оқырмандармен байланыс	Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен сусындату.	Оқырмандар кездесуі									Молдақұлова Гүлшара Медеуова Күнсұлу Сынып жетекшілер
		Ұлттық тәрбие	«Әке мен ұл бала тәрбиесіндегі олқылықтар: жас өскінге бүгінгі заман әсері» өнеге сағаты	Тұлғаны ұлттық жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау.	Әкелер семинары	+		+			+	+		Мектеп психологі Кенжетәева Алтынгүл Закиева Баян
		Отбасы тәрбиесі	«Отбасын нығайту және отбасындағы тәрбиенің рөлін күшейту шаралары» пікірталасы	Ата-аналардың бала тәрбиесінде психологиялық- педагогикалық құзыреттіліктерін, арттыру.	Пікірталас алаңы	+		+		+		+		Абугалиева Самал Хасенова Самал Сағызбаева Рахия
		Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Сүйікті анашым...» Мерекелік ерекше құттықтау бетшелерінің, жеделхаттардың байқауы	Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым- қатынасын қалыптастыру.	Жеделхаттар байқауы	+		+				+		Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Аяулы ана, ару қыз», «Менің жалғыз ғана анам бар...» Мерекелік шаралар	Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін белсендету.	Мерекелік шаралар	+		+		+		+		Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Өз-Наурызым, құт-ырысым, берекем, өзіңменен келер менің мерекем» қазақ халқының ұлттық кәсіптерін дәріпетеу мақсатында кәсіби сайыс өткізу	Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру	Мектепішілік шаралар	+		+				+		Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		Дене тәрбиесі және саламатты өмір салтын қалыптастыру	«Ұлттық ойындар баланың физиологиялық дамуының жарқын баспалдағы» Ұлттық ойындардан сайыс	Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын қалыптастыру.	МАД тобы бойынша	+	+	+	+	+	+	+		Жағыпарова Құндыз Галимов Қуанышбек Тілекбай Алмагүл Орынбаева Сабира
		«Мәңгілік Ел» Патриоттық актісі	«Келіндер» сайыс немесе «Сырласайық, жеңеше!» сайыстары	Мәдениетаралық қатынастарды күшейту, көшбасшылық қасиеттері бар азамат және патриот қалыптастыру	Мектепішілік шаралар	+	+		+	+		+		Барлық сынып жетекшілерге міндетті
Сәуір		Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-баршамызға ортақ іс» Насихат жұмыстары	Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты қалыптастыру .	Насихат жұмысы	+		+				+		Сахибеденова Рая Нұржанова Бақтыгүл
		Рухани- адамгершілік тәрбие	«Баланың мамандық таңдауында менің пәнімнің маңызы бар ма?!» (педагог мұғалімдермен кездесу)	Тұлғаның қазақстандық жалпыадамзаттық құндылықтарымен сусындату.	Ата-аналармен байланыс	+		+		+	+	+		Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		Ұлттық тәрбие	«Қазақтың Ұлылары» Ұлылар өмірінен сахналық қойылымдар	Қазақстан Республикасындағы этностар мәдениетін	Байқау	+	+	+		+	+	+		Барлық сынып жетекшілерге

Мамыр				құрметтеуге бағдарлау.										міндетті
		Отбасы тәрбиесі	«Отбасындағы тұлғааралық қарым-қатынас», «Отбасы – тәрбие бастауы» тақырыбымен сынып сағаттары	Ата-аналардың бала тәрбиесінде психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін, арттыру.	Сынып сағаттары	+		+	+	+	+	+		Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Мамандықтың бәрі жақсы» (еңбек пәні сабағында аспазшы, техникалық, ағаш ұстасы мамандықтарына баулу).	Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру.	Еңбек пәні апталығындағы шаралар	+	+	+	+	+	+	+		Кенжетаева Ажар Мұхамбетов Ергазы
		Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Таза ауаның адам ағзасына әсері» Сенбілік жұмыстары	Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін белсендету.	Тазалық айлығына қатысу									Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Кәсіпорындарға саяхат». (экскурсия жасау).	Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру	Экскурсия	+			+	+		+		Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		Дене тәрбиесі және саламатты өмір салтын қалыптастыру	«Менің бос уақытым және оның тиімділігі маған не береді» насихат жұмыстары	Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын қалыптастыру.	Сынып сағаттары немесе сауалнама									Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		«Мәңгілік Ел» Патриоттық актісі	«Ұлы елдің ұлы болу – ұлтыңның болашағына алаңдаушылықты тудырады»	Мәдениетаралық, этносаралық қатынастарды күшейту	Әкелермен дөңгелек үстелі	+		+			+	+		Мизамбаева Толқын Ташенова Гүлнұр Жүнісова Сәуле
		Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	Қараусыз, қадағалаусыз қалған, жағдайы төмен отбасы балаларын, (қайыршылық, еріксіз ауыр жұмыс) айналысатын балаларды анықтау мақсатында рейдтер ұйымдастыру, қорытынды шараларын алу.	Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты қалыптастыру	Ұйымдастыру, насихат, зерделеу жұмыстары	+		+		+		+		Мектеп психологі Қамқоршылық кеңес мүшелері Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		Рухани- адамгершілік тәрбие	«Кітап – білім бұлағы» Кітап оқырмандарының бір күні	Жалпыадамзаттық құндылықтарымен сусындату.	Кітапханамен жұмыс	+		+				+		Медеуова Күнсұлу Сынып жетекшілер
		Ұлттық тәрбие	«Ұлы Жеңіс жырлайды» туған ел, отан тақырыбы аясындағы өлең-жыр байқауы	Тұлғаны ұлттық жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау.	Мерекелік шаралар	+		+		+		+		Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		Отбасы тәрбиесі	«Отбасындағы бірлік құндылығы – отбасы өмірінің берік кепілі»	Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі құзыреттіліктерін арттыру.	Баяндама	+		+				+		Сахиев Айболат
		Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Сіз таңдаған мамандық ...» (колледж, университет мамандарымен кездесу жасау).	Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру.	Кездесу	+	+	+	+	+	+	+		Телеубаева Айман Бақтыгереева Салтанат Джумагулова Эльвира
		Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Біз заңды құрметтейтін өркениетті тұлға болуды көздейміз» ІІБ қызметкерлерімен кездесу	Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін белсендету.	Кездесу	+	+		+	+		+		Адилғалиева Р. Шошахова К.
		Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	«Адамдықтың белгісі – адалдықтан басталады» сынып сағаттары	Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру	Сынып сағаттары	+						+		Барлық сынып жетекшілерге міндетті
		Дене тәрбиесі және СӨС-н қалыптастыру	«Ел қорғаны болар Азамат болу - парызым» әскери-патриоттық ойындар	Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.	Жарыс	+		+				+		Қарабатыров Серікбай Мустағалиев Б.
		«Мәңгілік Ел» Патриоттық актісі	«Алтын ұям, мектебім, қия алмай сені көп тұрдым!»	Көшбасшылық қасиеттері бар азамат және патриот қалыптастыру	Салтанатты жиын	+		+		+	+	+		Тәрбие орталығы

Бекітемін:
Мектеп директоры: _____ Аухадиева Г.
«03» қыркүйек 2018 жыл

Келісемін: _____
Махамбет аудандық ішкі істер бөлімінің жергілікті полиция қызметінің бастығы: А.Мұрат

**Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебі бойынша «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңын іске асыру мақсатында құрылған мектепішілік іс-шаралар жоспары
(2018-2019 оқу жылы)**

Мақсаты: Жасөсірімдердің және жастардың тәрбиесін жетілдіру, жасөсірімдердің арасында құқық бұзушылық пен қылмыстық және қанғыбастықтың алдын алу, құқықтық себепсіз сабақ жібермеуге қол жеткізу, құқықтық сана мен мәдениетті қалыптастыру.

P/c	Іс-шаралар мазмұны	Орындалу мерзімі	Орындауға жауаптылар	Қосымша жауаптылар
1	Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебі бойынша «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуын алдын алу туралы» Заңын іске асыру мақсатында құрылған мектепішілік іс-шаралар жоспарын жасақтап, бекіту	Қыркүйек 2018 ж	Шошахова К. Әділғалиева Р. МДТЖЖО-лары	Тәжиева А. Құқықтық жетекші
1.1	Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуын алдын алу туралы» Заңын орындау барысында балаларын тәрбиелеумен айналыспайтын ата-аналарды анықтау үшін зерделеу жұмыстарын жүргізу.	Қыркүйек 2018 ж	Ахметова Ж. мектеп психологі	Шошахова К. МДТЖЖО
2	Мектеп бойынша қараусыз, панасыз қалған оқушыларды анықтау мақсатында рейдтер жоспарлау, өткізу, нәтижесін талдау, қорытындысынан есеп беру жұмыстары	Жылына екі рет ақытында	Шошахова К. МДТЖЖО	Джумагулова Э. Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
3	Жасөсірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарына қажетті заңнамалық нормативтік құжаттар жинақтап, басшылыққа алып отыру: 1.Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуын алдын алу туралы» Заңын. 2. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Заңын. 3.Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ереже: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы №789 қаулысымен бекітілген. 4.Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 №2347 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында оқушы жастарды құқықтық оқыту тұжырымдамасы. 5.Балаларды саудалауға,балалар зинакорлығына және балалар порнографиясына қатысты баланың құқықтары туралы конвенцияның факультативтік хаттамасы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 4 шілде №219-ІІ Заңымен ратификацияланған. 6.Біріккен Ұлттар Ұйымының Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясын толықтыратын адамдарды,әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу мен жолын кесу және ол үшін жазалау туралы хаттама Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 4 маусымдағы №37-IV Заңымен ратификацияланған. 7.Темекі шегушілігін алдын алу және оны шектеу туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі №340 Заңы	Үнемі	Шошахова К. Әділғалиева Р. МДТЖЖО-лары Тәжиева А. құқықтық жетекші Қарабатыров С. әскери жетекші	Ахметова Ж. мектеп психологі Джумагулова Э. Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
4	Мектеп бойынша құқықтық білім беру мен құқықтық мәдениет және құқықтық тәрбие беру жүйесін жетілдіру мақсатында мектептегі қоғамдық ұйымдармен құқықтық кеңестердің, қамқорлық кеңестерінің жұмысын жүйелеу.	Үнемі	Мектеп әкімшілігі	Шошахова К. Ахметова Ж. мектеп психологі
5	Мектеп бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында мектеп психологтарының жұмысын жандандыру	Үнемі	Ахметова Ж. мектеп психологі	Биғазиева А. Мектеп психологі
6	Мектеп бойынша оқушыларға,ата-аналарға құқықтық білім мен тәрбие беруді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Зандарының баптарымен таныстырудың жоспарын жасақтап,бекіту, жоспарға сәйкес жұмысты жандандыру.	Үнемі	Тәжиева А. құқықтық жетекші	Сахиев А.Д. Ата-аналарқ.к. төрағасы
7	Тәрбие шаралары			
7.1	Оқушылар арасында жергілікті жасөсірімдер инспекторымен кездесу ұйымдастыру.	Қазан, 2018 жыл	Тәжиева А. құқықтық жетекші	Шошахова К. Әділғалиева Р. МДТЖЖО

7.2	«Заң бәрімізге ортақ» құқықтық сайыс	Қараша 2018 жыл	11-сынып	
7.3	«Байқа, балам, адам саудасының құрбаны болу қаупінен сақтан!»	Желтоқсан 2018 жыл	Сақтандыру шаралары, ұнпарақтар тарату	«Адал ұрпақ» еріктілер тобы
7.4	Менің құқығым: менің таңдауым және міндеттерім (сайыс-сабақ)	Қаңтар 2019 жыл	Телеубаева А.	Қарабатыров АӘД
7.5	«Ислам экстремизм мен лаңкестікке қарсы» акциясы айдарымен «Слепая вера», «Қатерлі джихадизм», «Ағым және алаңдаушылық», «Діннен адастырар теріс ағым» деп аталатын бейнефильмдерді талқылау. Видео шолу	2019 жыл, ақпан	Тәжиева А. Дінтану пәні мұғалімі	Барлық сынып жетекшілер
7.6	«Мен өз күшіммен еңбек ететініме сенемін»	Ақпан 2019 жыл	Клуб мүшелері «Жасұлан» ББЖҰ мүшелері	«Адал ұрпақ» еріктілер тобы
7.7	«Менің таңдауым – әділ қоғам, адал еңбек!»	Наурыз 2019 жыл	Клуб мүшелері «Жасұлан» ББЖҰ мүшелері	«Адал ұрпақ» еріктілер тобы
8	«Бала түнгі ауылда», «Балалар еңбегін қанауға қарсы 12 күн» оқушылардың түнгі мезгілдегі жүрісін анықтау мақсатында рейдтер ұйымдастырып, кезекшілердің уақытылы шығуын бақылау, тексеру	Уақытында	Шошахова К. МДТЖЖО	Сахиев А. Ата-аналар қ.к.т.
9	Құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу жұмыстарын талап деңгейінде ұйымдастыруды одан әрі жетілдіру мен оқушылар арасындағы ахуалды толық зерттеу және меңгеру жұмыстарын толық қамтамасыз ету бағытындағы атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты тапсырып отыру.	Үнемі	Әділғалиева Р. МДТЖЖО	Сынып жетекшілер
10	Мектеп бойынша аудандық ІІБ де есепте тұрған оқушыларға және «қиын», «қиынға бейім» оқушыларға қоғамдық жетекшілер тағайындау	Уақытында	Ахметова Ж. мектеп психологі	Шошахова К. МДТЖЖО
11	Жасөспірімдер арасында «Қылмыстық ұғым және оның салдары» тақырыбында ата-аналармен, ішкі істер қызметкерлерімен біріккен дөңгелек үстел өткізу	Ақпан 2019 жыл	Шошахова К. МДТЖЖО	Барлық сынып жетекшілер
12	Алкогольдік ішімдіктер, нашакорлық, есірткі және психотроптық заттарды пайдаланатын оқушыларды анықтау, есебін алу, анықталған жағдайда тиісті органдарға хабар беру.	Уақытында	Ахметова Ж. мектеп психологі	Шошахова К. МДТЖЖО
13	Балаларды жолда жүру ережелерін түсіндіру, денсаулығы мен өмір қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында «Балалар үшін қауіпсіз жол!» жедел профилактикалық іс-шаралар өткізу	Қараша	Әділғалиева Р. МДТЖЖО	Барлық сынып жетекшілер
14	Мектеп бойынша 10 күннен астам уақыт сабақ жіберген оқушылардың есебін алып отыру, «Оқумен қамтудың №2» есебін толтырып, зерделеп отыру, АБББ уақытылы тапсырып отыру	Үнемі уақытында	Мектеп инспекторы	Джумагулова Э. Мектеп тәлімгері
15	«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында апталық өткізу	Ақпан 2019 жыл	МДТЖЖО Құқықтық жетекші	Құқықтық кеңес мүшелері
15.1	Отбасы тұрмыстық қарым-қатынасы салдарынан өмірдің қиын жағдайына тап болған оқушыларға психологиялық кеңестер беру, дағдарыс орталықтарының жетекшілерімен тығыз байланысты болу	Үнемі	Ахметова Ж. мектеп психологі	Шошахова К. МДТЖЖО
16	Мектеп бойынша «Сенім телефоны», «Сенім жәшігі», «Дағдарыс орталықтарының» жұмыстарын жандандыру	Үнемі	Ахметова Ж. мектеп психологі	Шошахова К. МДТЖЖО
17	Мектеп оқушыларының өмір қауіпсіздігі мен құқықтық білім беру мен тәрбиелеу мақсатында «Мектеп Ережесін» сынып жетекшілері мен мектеп психологтарының қатысуымен оқушылар арасында түсіндіру жұмыстары	Уақытында	Психолог Сынып жетекшілер	Барлық сынып жетекшілер
18	Аудан көлемінде өтілетін семинар, конференцияларға қатысу	Уақытында	Мектеп әкімшілігі	Шошахова К. Әділғалиева Р.